

Н.Р. Салыматова^{1*}, К.М. Болысова², А.Р. Өзкан³¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан;³Анкара университеті, Түркия

(E-mail: nur-dos2404@mail.ru; kuralai_2702@mail.ru; ozkanrafet@gmail)

«Ақырзаман» теориясының онтологиялық желісі

Бүгінгі философияның өзекті мәселелерінің бірі — адамзаттың даму жолы екені белгілі. Адам баласының жеткен жетістіктері уақытты игерумен тікелей байланысты болғандықтан, оны түрлі кезеңдерге бөліп қарастыру тән. Түркі халықтарына уақытты заманға бөлу ортақ түсінік ретінде қалыптасқан. Көне заман, жаңа заман, ақырзаман сияқты кезеңге бөлу санамызда бекіп кеткені сонша, оларды еш ойланбастан ажырата аламыз, олардың әрқайсысының ақиқаты өзінде жатыр. Мақалада «ақырзаман» деген не, мәні мен сипаты, санадағы көрінісі мен ол турасындағы болжамдар жайлы қарастырылған. Сонымен қатар мақаланың міндеті «ақырзаман» түсінігіне қатысы бар теорияларды философиялық талдау жасау. Заманды қарастыра отырып оның шегін болжау әрекеттерінің қажеттілігі құндылық тұрғысында жүйеленеді. Шексіз аспан әлеміне жер ғаламшарындағы ақырзаман процесінің қатыстылық бағытын бағдарлау тұжырымдамалары философияның негізгі мәселелерінің бірі болып саналады. Адам заманаға қатысты мәселелерді түсінуге тырысып, зерттеп қана қоймай, сол құбылыста, оның аясында өмір сүреді. Қанша тереңдесе де, нақты жауап тауып, дәл анықтауы да мүмкін емес. Себебі, оның мәні өзінде, өзіне жасырынған. Алайда, біз сол заманның ішінде өмір сүре отырып, онымен тікелей байланыстамыз. Ертеңгі күннің ақиқатын білмеу, адамдарды үрейлендіреді хақ. Белгісіздіктің соңының бір болары да айқын. Осы негізде «ақырзаманның» онтологиялық мәні де біздің оған деген қатынасымыз негізінде ашылады.

Кілт сөздер: ақырзаман, адамзаттың жойылуы, болашақ, табиғи катастрофа, футурология, эсхатология, өркениет, уақыт, кеңістік, дін.

Kipicne

Жаһандану үрдісінде, болашақ жөніндегі субъективті бейнелеріміз шынайы оқиға барысын анықтайды. Сол себепті, алдағы күнді оптимистік пе, пессимистік пе, қандай да болмасын тұрғыда маңыздылығын бағамдап, жобаларын қалыптастыру мақсатында қазіргінің рухани-құндылықтық, әлеуметтік-экономикалық негіздерінің маңыздылығы қажет. Ол нәтиже сәтті, жағымды не жағымсыз бола ма, шынайылықта жүзеге аса ма, маңыздысы ол емес. Қажеттісі субъективті бейнелерді ұжымдық топтастырып, жинақтау.

Болашақты бағамдаудың осындай бір футурологиялық болжамдар қатарында «ақырзаман» ұғымының мәні зор. Жалпы түсінікте «ақырзаман» немесе «заманақыр» ұғымы жер бетіндегі бүкіл тіршіліктің, яғни барлық адамзаттың, өркениеттің, тіпті Жердің өзін қоса ала отырып, толық Әлемнің тоқтап, жойылуын білдіреді.

«Ақырзаман» мәселесі турасындағы ғылыми көзқарастарды қарастыратын болсақ, негізінен оны жоққа шығарудан гөрі болу себептерін анықтауға тырысушылық басым. Негізгі себептер ретінде жаһандық жылынудан бастап, ғаламшардың толық мұз құрсауында қалуына дейінгі аралықтағы және т.б. мәселелер қарастырылады.

Жалпы, жер бетіндегі тіршіліктің тоқтап, «ақырзаманның» орнауы ретінде ядролық соғыс қаупі, экологиялық апат, озон қабатының бүлінуі, генетикалық жұқпалы аурулар негізіндегі әлемдік пандемия сынды көзқарастар ғылыми көзқарастар негізінде жүйеленуде.

Зерттеу әдіснамасы

Мақаланың әдіснамалық негізіне «ақырзаман» ұғымын зерттеудегі теориялық тұжырымдамалар мен бағыттар жиыны қарастырылған. Заман тұрғысындағы мәселелерді зерттеуде барлық кезеңдердегі, оның ішінде жаһандық өркениетке негізделген қазіргі заманауи көзқарастар мен тұжырымдамаларға сараптама жасалады. Ол үшін философиялық, мәдениеттанулық, тарихи, әлеуметтанулық, фу-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: : nur-dos2404@mail.ru

турологиялық бағыттарда жүйеленген ақпараттар сараланды. Соның негізінде мақала барысында зерттеудің объективті, тарихи, компаративистикалық, герменевтикалық әдістері жүйелілік негізде қолданылды.

Қалыптасқан тұжырымдамаларды кешенді қарастыру арқылы адамның заман ішінде өмір сүре отырып, оның соңын анықтауда жүйелі ортақ сабақтастықты көруге болады.

Мәселені жүйелілік, тарихи негізде қарастыру аталмыш тақырыптың қай кезеңде де өзектілігі жоғарылығын негіздейді, әрі «ақырзаман» ұғымын қабылдау тұрғысына сай әрекет ету ерекшеліктерінің заман келбетін қалыптастыру қуатын ашады. Сондай-ақ, мақаланың мақсатына сай негізгі тұжырымдаманы түйіндеуде синтездік әдіс қолданылады.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Уақыттың шектілігі жөніндегі көзқарас өте ертеден бастау алады. Оның негізгі бір мысалы ретінде ежелгі мая өркениетіне тиесілі күнтізбені алып қарастыруға болады. Оған сәйкес Әлемнің тіршілігі 2012 жылға дейін жалғасып, одан әрі белгісіздік бастау алады. Аталмыш өркениетті зерттеуші ғалымдар оны өмірдің тоқтауы ретінде түсіндірді.

Жоғарыда айтылғандар «ақырзаман» ұғымын тікелей мағынасында уақыттың тоқтауы негізіндегі түсінікке негізделген. Алайда, философиялық, мәдениеттанулық, тарихи, әлеуметтанулық, футурологиялық ғылыми зерттеулерде әлем тіршілігінің жер бетінде өз жалғасын таба тұра, тіршіліктік мәнінен айрылуы жөніндегі көзқарас, болжамдар болашақты бағдарлаудағы келелі мәселе ретінде көтеріліп келеді.

Араб философы Ибн Рушд қос ақиқат ілімінде алғашқы материя мен адам жанының мәңгі екенін дәлелдеуге тырысады. Адам ақиқатты діннен де, философиядан да іздейді. Философияда шын деп тапқан ақиқат дінде теріс мағынада болуы мүмкін, сол себепті адамзат қателеседі. Ақиқаттың түбіне жету мақсатында сан ғасырлар бойы түрлі болжамдар жасалса, солардың барлық заманда өмір сүрген адамдардың тоқталған абсолютті ақиқаты ол ақырзаманның болатындығы екен. Ибн Рушд болса ақырзаман ұғымына қарсы пайым жасайды. Сол себепті ақырзаман түсінігінің сан түрлі формаларына жеке талдау жасау керек. Ол экологияның бұзылу, адамзаттың азғындауы, қылмыстың, соғыстың немесе түрлі аурулардың көбеюі. Астрофизика құпиялары да ашылған сайын адамзат қарама қайшылыққа ұшырауда. Осы негізде мақалада ғылыми гипотеза, тарихи, мәдениеттанулық, әлеуметтанулық тұжырымдар және ақырзаман турасындағы діни ұстанымдар мен қазақы дүниетаным сабақтастығы мәселелері сараланып отыр.

Ғылыми гипотеза мәртебесіне ие, астрофизик Брендон Картер ұсынған «ақырзаман теоремасы» қазіргі тіршілік етуші адамдар өмірін математикалық жүйелеу нәтижесінде адамзат нәсілінің болашақ бар болу уақытын болжауға негізделген. Оған сай адамзат тарихы мерзімі хронологиялық шкала бойымен өлшенеді. Дәл қазіргі сәт сол шкаланың орта тұсына сәйкес келуі мүмкін деген ықтималдықпен қоса, бұл «Картер катастрофасын» жалғастырушылар есебі шкала соңына келген болуымыз керек дегенді де болжайды. Философ Джон Лесли осы теореманы негізге алып, адамзат нәсіліне қауіп төндіретін ақылға қонымды, қонымсыз апаттарды түгел қарастыра келе, келесі қорытындыға келеді: «Адамзат баласына жақын бес жүз жыл уақыт Жер бетінен жоғалу қаупін болдырмау ықтималдығы сенім ұялататындай жоғары» [1].

Тарихта қарастырылып отырған мәселенің қилы кезеңдерде ерекше өзектілікке ие болғандығын сараптауға болады. Әр заманда оның соңын болжауға тырысушылықты, әсіресе, әлеуметтік және өзге де тарығушылық кезеңдерде апокалипсистік көзқарастардың белең алуын аңғаруға болады.

«Дәл ақырзаман туралы болмаса да, адамзат дағдарысы туралы Освальд Шпенглердің (1880-1936) «Закат Европы», Эдмунд Гуссерльдің (1859-1938) «Кризис европейского человечества и философии», Альфред Вебердің (1868-1958) «Германия и кризис европейской культуры» деген еңбектер болған. Бұл еңбектерді оқып отырғанда шығатын қорытынды «даму» деген үздіксіз тек алға бастай беретін тенденция емес, өзгеріс келе-келе тұйыққа тіреліп, мүлдем кертартпа санаға адамзат баласын бастай беретінге ұқсайды. Тауысу, сарқылу деген жалпы заңдылық, ол тек заттар табиғатына ғана тән емес, ол рухқа, санаға да тікелей қатысты. Осы мәнде адам өзінің рухани бағытын анықтауда орасан зор адасушылыққа тап болмақ. Ал, ондай халден адамның өздігінен шығуы мүмкін болмауы ықтимал және де осындай ахуалдан ақырзаман идеясына ұқсас әлеуметтік-саяси құбылыстар орын алмақ, оны ғылым тілінде «катаклизмалар», «катастрофалар» деп атайды» [2], – дейді академик Ғарифолла Есім.

Европадағы көптеген ойшылдар адамзаттың өз мұқтаждығын қамтудағы әрекеттері түрлі экологиялық апаттар мен азғындауға, соңында заманның болмысын айғақтайтын әлемнің құлдырауына

алып келетінін жазған болатын. Олай болса ақырзаманды жақындату немесе алыстату адамзаттың тікелей өзіндік әрекетінен байланысты болып шығады.

Европаның күйреуі ретіндегі сипаттар қатарында О. Шпенглер ұлттардың іштей құлдырап, формасыз тұрғындарға айналып және оның біртіндеп, қайтадан қарабайыр–деспоттық сипатқа өтуші ортақ империяға бірігіп, аз уақыт аралығында жоғары өркениеттік өмір жағдайынан алғашқы құрылыстық күйдің орын алуын көрсетеді. Бұл болжаулар бүгінгі күндегі біздің жаһандық жағдайымыздың шынайылығына ұласуда. Өркениеттілік бұл күнде жаһандық деңгейге өтіп, барлық әлемге батыстық өркениет ағынында хаоста қалу қаупін төндірді. Бұл күйреу жетістіктер мен таңқалдырар сұлулықтың болмауы дегенді білдірмейді. Жаһандық «псевдоморфоз» жағдайы біріншіден, батыстықтан өзге мәдениеттердің өзін-өзі өлтіруіне әкелсе, екіншіден, тек Европаның ғана емес, барлық әлемнің күйреуіне әкелетіндігі жөніндегі көзқарастар бүгінгі таңда жан-жақты тұжырымдалуда.

Барлық тұрмыстық жағдай жасалып, жетілген мына қоғамда өмір сүре отырып, болашақ заман жөнінде ойланғанның бәрі оның құлдырауы, тарихтың соңы мен адамның ақыры жөнінде ой айтады. Сонда, адамзат баласына толық тіршілік ету үшін не жетпейді деген сұрақ туады. Өмір сүру үшін қажетті деген дүние жеткіліктілік деңгейінен асып кетсе де, тұрақтылық идеясынан бас тартып, мақсатсыз, үлгісіз, идеалсыз алға ұмтылуда. Бұл жолдың қайда апарары белгісіз, алайда үмітсіздікке негізделген ақырзаманға бастау алғанымызға әр саладан дәлел ұсынылуда. Барлық шеңберден шығып, саналық реттеуден айрылуда. Алдымен рухсызданып, ал енді санасыздыққа тап болуда. Біздің өркениеттің трагедиясы осында. Ал адамдар осы үдеріске тәуелді.

Американдық әлеуметтанушы Самюэль Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» еңбегінде бұл туралы болашақта шешуші рөлде өркениеттер негізгі мәнге ие бола отырып, өркениеттердің қақтығысы әлемдік саясаттың доминантты факторына айналатынын айтады. Өркениетті адамдарды біріктіріп, оларға белгілі бір мәдени ерекшелікті қамтамасыз ететін, ең жоғары мәдени білім ретінде түсіндіреді. «Бұл мағынада өркениет тіл, тарих, дін, дәстүр, қоғамдық институттар, сондай-ақ, адамдардың өзіндік идентификациясы сынды жалпы объективті элементтермен анықталады. Өркениеттік бірегейлік болашақта анағұрлым маңызды рөлге ие болып, одан әрі әлем бірнеше басты өркениеттердің өзара байланысы мен өзара айырмашылықтарының тереңдеуі негізінде қалыптасатын болады. Салдарлы қақтығыстар осы өркениеттерді ажыратып тұрған, мәдени шекаралар негізінде жүреді» [3]. Ұлт-мемлекет халықаралық сәттерде негізгі әрекет етуші жақ бола отырып, жаһандық саясаттың неғұрлым маңызды қақтығыстары әртүрлі өркениетке жататын ұлттар мен топтар арасында бастау алады. Өркениеттер арасындағы ажырату сызығы — болашақ фронттар сызығына айналады деп, өркениеттік бірігу жолындағы қарсылық қақтығыстардың болашақ үшін зардап әкелетіндігін болжайды. Бұл жерде адам мен заманның өзара қақтығысын аңғарамыз. Заманның күйреуіне әкелер құбылыстарды тоқтатып, алдын-алу мүмкіндігіне күмән араласады. Хантингтонның замана барысын анықтау көзқарастарының жүзеге асу сәйкестіктері ғылыми ортада талқыланып, мәндік сипаты артуда.

Ф. Фукуяма «Тарихтың соңы және соңғы адам» еңбегінде қоғамдық өмірдің өшу қаупін негіздейді. Қоғамдық өмірдің батуы дегеніміз болашақта біз жоғары мақсаттарға ұмтылмайтын, тек жеке жайлылығы үшін жанталасып, қарсылық танытпайтын, барлығын өз бойында ұстайтын соңғы адамдар болу қаупімізді білдіреді деп, адамзаттың ұлы игіліктер мен құндылықтарды ұмытуынан болашақтың бұлыңғырлығын көреді. «Сонымен қатар, кері байланыс қаупі де бар. Ол біздің қайтадан бірінші адамға айналуымыз: бедел үшін мағынасыз, әрі қанды соғыстарға араласуымыз, бірақ бұл жолы заманауи қару-жарақтармен. Шынымен, бұл мәселелер өзара байланысты, себебі мегалотимия үшін тұрақты және конструктивті жолдардың болмауы экстремалды және патологиялық формада оны беткі қабатқа шығарылуына әкелуі мүмкін. Саналы түрде қызықтыратыны: адамда бар жоғарылықтың бәрін көрсету үшін күрес түрлері мен жәбірлену жетіліп, гүлденген либералды қоғамда мүмкін дегенде барлық адам сене ме?.. «Мегалотимия метафориялық соғыстар мен символикалық жеңістермен қашанға дейін қанағаттандырылады» деген сұрақ ашық күйде қалады» [4]. Кейбір адамдардың тарих басында адамдық мәнін құраған дәл сол бастапқы акт негізінде өзін жүзеге асырмайынша қанағаттанбайтынына күмән келтіреді. «Олар шайқаста өлім қаупіне барып, өзі мен өз ағайындарына еркін екендерін еш күдік қалмайтындай дәлелдегілері келеді» [4; 491]. Фукуяманың адамдар қасақана дискомфорт пен өздерін құрбан ететін мүмкіндік іздейді, себебі ауру мен жанашырлық өздері туралы жақсы ойлайтынын, олардың адам ретінде қалатындықтарын паш ететін жалғыз тәсіл болады деп келтіруі, адамның рухани құлдырап, адам жанының осынша құлазыған тарих соңының аянышты күйін жазды.

Адамның алдағы болашағын, ертеңгі күнін қарастыруда пессимистік утопия, яғни дистопия деп аталатын дүниетаным түрі де бар. Ол тіпті, перфекционизмге қарсы ұстаным ретінде де қарастырылады. Дистопия қазіргі болып жатқан үдерістерді сараптау барысында оның ақыры жағымсыз жайттарға, негативті сипаттағы құбылыстарға әкелетіндігіне, яғни ертеңгі күннен еш жақсылық күтудің қайырсыздығына негізделеді. Бүгінгі заманғы тенденциялар, ғылымның дамытып жатқан технологиялары келешекте адамға жайлы өмір, жарқын болашақ сыйлай алатынына сенімсіздікпен қарай отырып, оның толық игілігі көпшілікке қолжетімсіз болуына байланысты, ол тек билікке ие адамдардың үстемдігін одан әрі нығайту жолындағы құралына айналып, қоғам тұрғындарының өмір жағдайын күрделендіреді деген көзқарасқа иек артады. Дистопиялық көзқараста қоғамдағы биліктің әрекетін қайырымсыз деп танып, олардың ұстанып отырған саясатының құлдырауға бастау алатынына сенім басым.

Осы негіздегі ұстанымдарды қоғам дамуының нақты ақиқаттылық белгісі ретінде деп емес, жекелеген тұлғалардың пессимиздік негіздегі көзқарастары деп қарастыра отырып, сол дүниетанымды қалыптастырушы факторларды ескерген жөн.

Дүниенің тұрақсыздығы, өтпелілігі, заманақыр мен өмірден кейінгі екінші өмір туралы эсхатологиялық ілім желісінде де қарастырылады. Әмбебап эсхатология адамзат тарихы мен әлем тағайындылығы, оның мәнсізденуі мен ақыры және соңғыдан кейінгі туралы ілім. Діни эсхатология бұл дүниенің уақытша, жалған екенін уағыздай отырып, бұл дүниені адамның барлық іс-әрекет, ниет-пиғыл, жүріс-тұрысын есепке алынатын сынақ алаңындағы сағым уақытқа балайды. Адамның тұрақты мекеніне айналатын мәңгілік өмір өлгеннен кейін о дүние деп аталатын екінші дүниеде өз мәнін табады. Сол кезде адам барлық күнәлары үшін жауапқа тартылып, соған сәйкес мәңгілікке ие болады деп түсіндіріледі.

«Қазіргі батыс елдерінде Эсхатология діни футурологияның жетекші тақырыптарының біріне айналған. Хақ дін ислам дәстүрінде Эсхатологиялық ұғымдарды насихаттаудың өзіндік дәстүрі бар. Мәселен, ислам дәстүрінде ақырзаманның болатыны, бұл дүниенің мәңгі емес, бақилық о дүние бар екені айтылады. Бірақ ақырзаманның болатын нақты уақытын кесіп айтпай, оның белгілері туралы, яғни адамзаттың азғындауы жайлы сөз қозғайды. Соңғы пайғамбар Мұхаммед (ғ.с.) келгендігін, енді пайғамбар келмейтінін, ақырзаманның алдында «алтын ғасыр» немесе «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» бейбіт заман орнығатынын, адамдардың бәрі мұсылман болатынын айтады. Осы «Алтын ғасырды» орнату үшін дүниеге Махди (ғ.с.) мен Иса пайғамбар қайтып келетініне, ақиқаттың таңы атып, адамдардың жаппай мұсылмандыққа бет бұратынына сенеді. Осындай мамыражай тіршілік орнығып, біраз уақыт өмір сүргесін адамдардың қайтадан азғындалып, жер бетінде Құдайды еске алатын бірде-бір адам қалмағанда ақырзаман болады деп сенеді. Ал қазіргі күні қаптап кеткен әр түрлі діни секталарда эсхатологиялық ұғымдар — ақырзаманның уақытын нақты айтып, сол уақытқа дейін уағыздалып отырған сектаның қатарынан табылмаған адам азап шегуші болады деп насихатталады. Кейде о дүние туралы дәстүрлі діни ұғымдар мүлдем бұрмаланып ұсынылады» [5].

Исламдық эсхатология желісінде адамзат өзінің мәңгілігін ақырет деп аталатын ана дүниеде табады. Ақырет адам өліміне қатысты кіші өлімді, барлық дүниенің соңына келетін ақырзаманды, адамдардың жауапқа тартылатын қиямет күнін және жұмақ, тозақ ұғымдарын қамтиды. Ол дүние деп аталатын мына жердегі өмірге қарсы мәнде қолданылады. Мұхаммед пайғамбар сол арқылы адамның осы дүниедегі өз әрекеті үшін жауап беретін басқа әлемнің бар екенін түсіндірді. Жаппай ақырзаманның орнайтыны хақ. Оның қашан келетінін Аллаға ғана аян. Адамзатқа ол күннің жақындағандығының белгілері ғана айтылады. Ол діни сауатсыздықтан бастап, масайтатын ішімдік ішу, жеңіл жүрістілер мен адам өлтірушілердің артуымен қоса, үлкен жалынды өртті, құрлықтың үштен бір бөлігінің құруы, күннің батыстан шығуы сынды қайталанбайтын, жоғары тылсым күштерді қамтиды.

Имам Ильдар Аляутдинов «Қаралы күннің» келетіні дінге мойынсұнбаған адамдар үшін, қор жинап, қажеттіліктермен қамтамасыз етіліп, дайындалу деп түсінілетінін, алайда, Құран дінге бет бұрғандарды жерде толыққанды, бақытты, белсенді өмір сүруге шақыратынын айтады. Әрі өз іс-әрекетінің нәтижесінде пенде Жаратушы бұйыртқан мәңгілік жұмақтан мекен табады деп түсіндіреді.

Бұдан ислам діні «ақырзаман» ұғымын пессимистік күйде қолданбайтынын, адамның жердегі өмірінің мәнсіз еместігі, адам баласы үнемі қорқынышпен өмір сүрмеу керек екені, өмірді толыққанды сезіне отырып, бұлжымас ақиқат «ақырзаманның» міндетті түрде болатынын біле жүруі керек екендігі жөнінде ой түйеміз. Дүниенің бұзылуы жөніндегі түсінік буддизм дінінде де таралған. Негізгі қағидасында болмыстың мәңгілігі мен шексіздігі мойындалатын дінде сансара ешқашан бас-

талмаған және ешқашан аяқталмайды. Алайда, мұнда әлем циклдік айналым жүйесінде ұсынылады. Әрбір цикл өз соңына жеткенде барлық әлем, оның ішінде адамдар әлемі бұзылады. Уақыттың алға жылжуы негізінде, жалпы цикл мәңгілік болғандықтан қайта жанданып, жалғасып кете береді. Үлкен Кальпаның бұзылуы әлем түсінігінің үш қатпарының төменгісі, тозақтың бұзылуынан бастап, осы әлем, яғни адамдар әлеміне өтіп, соңында жоғарыдағы Құдайлар әлемі де күлге айналып, жоқ болады.

Христиан дінінде де ақырзаманның болатыны айтылады. «Иоанн Богослов аяндарына» сәйкес барлық жер беті өртке оранып, адамдар жауапқа тартылады. Ақырзаман жақындағанда түрлі катаклизмалардың орын алатыны айтылады: адамдар дүниені қирататын соғыстарға тап болады, дене және жан ауруларының түрлі эпидемиясы, ашаршылық. Барлық жерде заңсыздық орын алып, діндарлар қудалауға ұшырайды. Алайда Інжіл барлық елге тарайды деп жазылған. «Соңғы күндерде қиын кезең басталады. Адамдар өзін сүйгіш, байлық сүйгіш, кердең мінез, тәкәппар, тілі ащы, ата-анаға бағынбайтын, қайырымсыз, алдамшы, арам пиғыл, ымыраға келмей, ғайбаттаушы, сабырсыз, қатыгез, сатқын, жақсылыққа жаны қас, құдайға емес, дүниеге жақын, құдайға мойынсұнған кейіпте, құдайдың күшінен бас тартқан болады» [6]. Алайда бұл дінде де, бұл айтылған дүниелер қай уақыттан бастау алып, нақты қай кезде ақырзаманның болатыны белгісіз, оны ешкім айта алмайды, себебі ол Құдайға ғана аян. «Ол күнді, ол сағатты, ешкім білмейді» [7]. «Нұқ кезінде болғандай, Адамның ұлы келгенде де солай болады: сол кездегідей топан су басар алдында ішіп, жеп, үйленіп, тұрмысқа шығып, Нұқ кемесіне мінгенге дейін, ештеңені білмей, артынан топан су келіп, барлығын қырып кетті» [8].

«Исламда иманның негізгі шарттарының бірі о дүниенің барлығына сену болғандықтан эсхатологиялық ұғымдарды қазақ мұсылмандығы аясында қазақ әдебиетінен, әсіресе зар заман ақындарының шығармаларынан анық көруге болады. Ислам дәстүрі аясындағы қазақ діни ғұламалары мен ақындарының шығармаларына назар аударсақ, олар болашақты болжай отырып, ақырзаманды адамдардың мінез-құлқының азғындауымен байланыстыратынын көреміз» [5;108]. Уақыттың алға жылжуынан, дамудың жарқын жалғастығынан адамның рухани кемелденуіне деген күмәнді күдікті қазақ ойшылы Шәкәрімнің жазбаларынан да көруге болады. Өзін мазалаған сұрақтарға жауап іздеу мақсатында «Айқап» журналының бетіне «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» деп қойған сауалының ішінде «Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?» деген күрделі мәселені көтерді.

Шәкәрім «Жаралыс басы қозғалса, қозғауға керек қолғабыс», – дейді. Жаралыс пен қозғалыс өзара байланыста, жеке дара мүмкін емес. Олай болса, заманақыр болғанда жеті қат көктегі қозғалыс та тоқтау керек. Жердің бетін түгел топан су басса да, адамзат қырылса да, галактикадағы қозғалыс тоқтамаса ақырзаман толық мәндегі ақиқат болмай шығады. Ақырзаман адам түсіндіретін шекті ұғым емес. Адам өмірі шеңберіндегі ақырзаман бөлек те, астрофизикадағы ақырзаман бөлек, яғни тіршіліктің қозғалыссыз күйі заманның аяқталуымен түсіндіріледі. Заманның аяқталуы уақыттың тоқтауымен, уақыттың тоқтауы кеңістіктің қысылуымен түсіндіріледі. Кеңістік қысылса не үлкен жарылыс, не бос орын вакуум болуы мүмкін деген ойлар көп. Мәшһүр Жүсіп космогониялық көзқарастарында адам өміріне аспан денелері әсер ететіндігі айтылған.

Заманақыр ұғымы қазақ халқының дүниетанымында көбіне антропоцентризммен байланысты болып келеді. Ақырзаманның келуі тікелей адам әрекетінің нәтижесінде пайда болатын белгісіз құбылыс. Оның болуының сан формаларын да қазақ халқы өз пайымдауынша белгілеп берген. Мысалы, жер бетін топан су басуы, жер сілкінісі, эпидемиялар, аспан денелері қозғалысының жылдамдауы немесе қара қытайдың қаптауы сияқты түсініктер төңірегінде жинақтаған. Осы қытайдың жер бетіне таралуын қазақ халқы неге ақырзаманмен теңеп үрейленген екен деген ой келеді. Ежелгі Қытай империяларының бес мыңжылдық тарихы бар екені белгілі. Хуанхе мен Янцзы өзенінің аңғарларында қытайдың ежелгі Хань, Суй, Тан, Ся, Чжоу, Цинь, Ляо, Юань тәрізді көптеген мемлекеттері қалыптасты. Олардың күрт дамуы мен тауар өндірістігі ежелгі түркілердің үрейін туғызуы мүмкін. Себебі аталған империялар біріккен сайын қуатты елге айналып, басқа елдерді экономикалық қысымда ұстаған болатын. Осы негізде жүйеленіп қалыптасып, ұлт жадында жатталып кеткен түсінік болуы да мүмкін. «Көп қорқытады, терең батырады» деген халық даналығына сүйенер болсақ, ақырзаман жақындағанда жер бетін «қара қытай» қаптайды деген болжамның жаһандану үрдісімен байланыстылығын аңғаруға болады. Жаңа бұрын көрмеген білмеген дүниелердің күнделікті өмірге ене бастауының түбі елдер арасындағы шекараның болмауына, мәдени коммуникацияның жылдам жүзеге асуына ықпал ететіндігін ата-бабамыз болжап білгендей. Осылайша, заманның ақыры жақындағанда тек қытай елін ғана емес, жалпы әлемдік үрдістің бағытын болжаған болып шығады.

Ақырзаман жақындап келеді немесе кез келген сәтте болуы мүмкін деген болжамдар жерді мекендеген барлық адамзат баласына ортақ қорқыныш. Үрейден туындаған пайымдаулар нәтижесінде жердің тағдырына галактикадағы басқа планеталардың өзара әсері ықпал ету мүмкіндігі бүгінгі ғылыми жетістіктерге жеткізді.

Қорытынды

Адам баласы «ақырзаман» жөнінде өзіндік көзқарасын қалыптастыра отырып, соған сай таным-түсінігі деңгейінде өмірін сол арнаға икемдеп, сол негізде өмір мәнін анықтайды. Мейлі, ол ғылыми тұрғыда болсын, діни негізде болсын тіршіліктің бейнесін жасауда «ақырзаман» ұғымының мәні зор. Жекелік қатынаста «ақырзаман» ұғымы саналылыққа негізделсе, бүгінгі заман келбеті жалпылық қатынаста санасыздық әрекетінің басымдығын айғақтап отыр.

«Ақырзаман» концепциясы бойынша адам өзіне-өзі қарсы шығып, азғындалып, үміт отын жойып, заманды ақырзаманға жеткізеді. Бұл христиан және ислам дінінде бар концепция. Заман өздігінен таусылмайды, оны тауысатын адамдардың өзі» [2;178]. Ғылым жүйесінде «ақырзаман» нақты ақиқат ретінде анықталмаған. Алайда, ол адамзатпен мойындалады, мәңгі бірге жасасып келеді. Бұл мүмкін, адамның заманды өз қалыбында қабылдауы, я болмаса сан ғасырлық дамуда жауабы табылмаған, алғашқы үрей, қорқыныш жан-жадымызда мәңгіге орнығып алғандығынан да болуы мүмкін. Қалай десек те, жоғарыда қарастырылған ұстанымдардың шындықпен ұштасатындығы мәлім. Ол «даму» деп жүрген замана барысының өзгеруі, негізіміздегі табиғилықтан айрылу, өткеннен ажырау. Саналы адамның саналылыққа жат әрекеттерінің белең алып, жер бетін тұтас жайлауы, нақты қандай апат негізінде бастау алары белгісіз болса да, жер бетінде сол соңғы шектілікті өз қолымен жақында-тып жатқанына күмән қалмайды.

Адам ақырзаман жайлы ойланғанда қауқарсыз пендеге айналады. Бұл түпсанадағы үрей жердегі соңғы тіршілік иесі қалғанша жалғаса бермек. Себебі адам өз ақылы жетпеген құпия сырларды білуге құштар. Қазақ халқының дүниетанымында ақырзаман уақыттың тоқтауы ретінді бейнеленсе, басқа елдерде жер бетін топан су басу, жер сілкінісі, қараңғылық басу яғни жарықтың жоғалуы, адамзаттың өмірге деген құштарлығынан айрылуы ретінде түсіндіріледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Leslie, J. (1998). The End of the World. The Science and Ethics of Human Extinction. London, Routledge.
- 2 Есім Ғ. Даналыққа құштарлық / Ғ. Есім. — Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2007. — 521 б.
- 3 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций / С. Хантингтон. — М.: АСТ, 2003. — 604 с.
- 4 Фукуяма Ф. Конец истории и последний человек / Ф. Фукуяма. — М.: Изд-во «АСТ», 2004. — 490 с.
- 5 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедиясы: Т. 10 / Бас редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. — 112 б.
- 6 Стотт Д. Второе послание к Тимофею / Д. Стотт. — СПб.: Мирт, 2004. — 132 с.
- 7 Новый Завет. Евангелие от Марка. — СПб.: Вита-Нова, 2014. — 298 с.
- 8 Новый Завет. Евангелие от Матфея. — СПб.: Вита-Нова, 2016. — 264 с.

Н.Р. Салыматова, К.М. Болысова, А.Р. Өзкан

Онтологический смысл теории «апокалипсиса»

Одной из актуальных проблем философии является процесс будущего развития человечества. Поскольку достижения человека связаны с усвоением времени, это время принято делить на различные периоды. Для тюркских народов разделение времени на сезоны сложилось как привычное, обыденное занятие. Выделение в историческом времени древнего времени, нового времени, апокалипсиса настолько прочно укоренилось в сознании, что, не задумываясь, мы утверждаем, что это истина абсолютная. В статье авторы проанализировали понятие «апокалипсис», его сущность и характер, отражение в сознании и гипотезы об этом феномене. Задача статьи — философский анализ теорий, имеющих отношение к понятию «конец света», через призму аксиологического (ценностного) осмысления конца человеческой истории. Причем феномен «апокалипсиса» в тесной связи с идеей бесконечного небесного мира всегда рассматривался в философии в качестве основной философской проблемы. Человек не только пытается понять и исследовать проблемы, связанные со временем, но и живет в этом

феномене. Как бы глубоко мы не пытались рассуждать, невозможно найти и точно определить будущее человеческой истории, которое содержится в нем самом. Неопределенность всегда тревожна. Но ее можно рассеять в попытке приближения понимания онтологического смысла «апокалипсиса» и осознания нашей тесной связи с ним.

Ключевые слова: «конец света», конец человечества, будущее, естественная катастрофа, футурология, эсхатология, цивилизация, время, пространство, религия.

N.R. Salymatova, K.M. Bolysova, A.R. Ozkan

The ontological meaning of the “apocalypse” theory

One of the actual problems of philosophy is the process of the future development of mankind. Since a person's achievements are related to the assimilation of time, this time is usually divided into different periods. For the Turkic peoples, the division of time into times has developed as a habitual, everyday occupation. The allocation of ancient time, modern time, and the apocalypse in historical time is so firmly rooted in consciousness that, without hesitation, we affirm that this is the absolute truth. In the article we tried to analyze the concept of “apocalypse”, its essence and character, reflection in consciousness and hypotheses about this phenomenon. The purpose of the article is a philosophical analysis of theories related to the concept of “the end of the world” through the prism of axiological (value) understanding of the end of human history. Moreover, the phenomenon of the “apocalypse” in close connection with the idea of an infinite heavenly world has always been considered in philosophy as the main philosophical problem. A person not only tries to understand and explore the problems associated with time, but also lives in this phenomenon. No matter how deeply we try to reason, it is impossible to find and accurately determine the future of human history, which is contained in itself. Uncertainty is always worrying. But it can be dispelled in an attempt to approach the understanding of the ontological meaning of the “apocalypse” and the realization of our close connection with it.

Keywords: “the end of the world”, the end of humanity, the future, natural catastrophe, futurology, eschatology, civilization, time, space, religion.

References

- 1 Leslie, J. (1998). The End of the World. The Science and Ethics of Human Extinction. London, Routledge.
- 2 Esim, G. (2007). Danalyqqa qushtarlyq [Passion for wisdom]. Semei-Novosibirsk: Taler-Press [in Kazakh].
- 3 Huntington, S. (2003). Stolknovenie tsivilizatsii [Clash of Civilizations]. Moscow: Izdatelstvo «AST» [in Russian].
- 4 Fukuyama, F. (2004). Konets istorii i poslednii chelovek [The end of the story and the last man]. Moscow: Izdatelstvo «ACT» [in Russian].
- 5 Nysanbaev, A. (Eds.). (1998). “Qazaqstan”: Ulttyq entsiklopediiasy [“Kazakhstan”: National Encyclopedia]. Vol. 10. Almaty: “Qazaq entsiklopediiasy” [in Kazakh].
- 6 Stott, D. (2004). Vtoroe poslanie k Timofeiu. Saint Petersburg: Mirt [in Russian].
- 7 Novyi Zavet. Evangelie ot Marka (2014). Saint Petersburg: Vita–Nova [in Russian].
- 8 Novyi Zavet. Evangelie ot Marka (2016). Saint Petersburg: Vita–Nova [in Russian].